

# BAYON







  
**moxxa** caffè





# Жаңа шыңдарға дайын.

Жаңа BAYON алғашқы танысқаннан-ақ ұмытылмас әсер қалдырады. Сыртқы жағынан кроссовер кішкентай болып көрінуі мүмкін, бірақ салонына отырғанда олай емес екеніне көзіңіз жетеді. Автомобиль ойластырылған технологиялық шешімдермен, соның ішінде өз класындағы ең озық қауіпсіздік жүйелері мен қосылу технологиясымен толтырылған. BAYON-ның тиімділік көрсеткіштері таңғалдырады. Еркіндік сезімін беретін және керемет айналдыра шолуды қамтамасыз ететін жоғары қондырмасының арқасында бұл ықшам модельді басқару оңай. Бұл сізге сенімділік береді және жағдайға толық бақылау орнату сезімін тудырады.

# Жарқын және есте қаларлық дизайн.

Қайталанбас дизайнының арқасында BAYON жалпы ағымда айтарлықтай ерекшеленеді. Сүйір пішінді шанағы бар бұл стильді модель Hyundai кроссоверлерінің фирмалық ерекшеліктерін және Sensuous Sportiness атты марканың жаңа дизайн философиясын керемет түрде біріктіреді. Спорттық сына тәрізді пішіні және жебе тәрізді артқы бағаны бар көзтартарлық профилі BAYON-ның сыртқы келбетінде іске асырылған ерекше дизайндық шешімдерге назар аудартады.















# Барлық жағынан мәнерлі.

BAYON-ның сыртқы келбеті ұзын ауа тартқышпен және жоғарғы жағында орналасқан жіңішке күндізгі жүріс шамдарымен үйлесетін кең радиатор торымен және өзінің жебе тәрізді фараларымен есте қалады.



# Сенімді және бірегей.

Фирмалық стильде жасалған жарықдиодты артқы шамдар блоктары BAYON әсерлі келбетіндегі соңғы екпін болып табылады. Ерекше түрде бүйірлерінде орналасқан олардың модульдері автомобильдің енін визуалды арттырады. Жалпақ әйнегі бар артқы есік жіңішке сызықпен безендірілген, бұл қалалық автокөліктің сыйымдылығы мен спорттық мінезін баса көрсетеді.









# Дизайн ерекшеліктері.



Ішкі жағында тікбұрышты элементтері бар кең радиатор торы төменгі бөлігінде кеңейе түседі. Атлетикалық төмен бампермен үйлесімде трапеция тәрізді күміс түспен жиектелген ауа тартқыш ерекше сенімділік береді.





BAYON сыртқы келбетінде басқа Hyundai кроссоверлерінде қолданылған негізгі дизайнерлік шешімдер көрініс тапты. Олардың ішінде одан да әсерлі бейнені жасау үшін күндізгі жарық шамдарынан бөлінген жарықдиодты шамдары мен бұрылыс көрсеткіштері бар үш секциялы алдыңғы оптика.



BAYON моделінің енін визуалды арттыру үшін Hyundai дизайнерлері жарықдиодты артқы шамдардың жебе тәрізді модульдерін ерекше етіп бүйірлерінде орналастырды.









## Адамдарға арналған технологиялар.

Адамдар ішкі дүниесінің күрделі ұйымдастырылуымен ерекшеленеді, бірақ олар мінсіз емес. Біз кілттерді жоғалтып аламыз, кофені төгіп аламыз, бұрылыстарды өткізіп аламыз. Иә, бізде кемшіліктер баршылық, бірақ жақсы жаңалық бар: адамдар мінсіз болуға міндетті емес. Сондықтан жаңа BAYON жақсы ойластырылған технологиялардың кең спектрімен толықтырылған. Біз ұсынатын озық қосылу, қауіпсіздік және жайлылықты қамтамасыз ету технологиялары адам табиғатының әлсіз жақтарын тамаша өтейді. Адами қасиеттеріңізді көрсетуіңіз үшін біз одан да көп технологиялық шешімдерді қосамыз.



# Ең озық қосылу технологиялары

Жаңа BAYON инновациялық технологиялардың кең таңдауын ұсынады. Кроссовер өміріңізді жеңілдететін және сапарларыңызды одан да жағымды ететін ең озық цифрлық аспаптар тақтасымен және ең жақсы ақпараттық-ойын-сауық жүйесімен жабдықталған. Сіз заманауи қосылу технологияларына және бөлек аймақтарға бөлу функциясы бар екі үлкен дисплейге өзінің лайықты бағасын бересіз. Диагональ көлемі 10,25 дюйм болатын цифрлық аспаптар комбинациясы мен орталық сенсорлық дисплей бір-бірімен тамаша үйлеседі және қолдануға барынша ыңғайлы. Олар нақты уақыт режимінде жол қозғалысы мен ауа райы туралы ақпарат алуға, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін іздеуге және стационарлық жылдамдықты бақылау камераларына жақындау туралы білуге мүмкіндік береді \*. Автокөлік Apple CarPlay™ және Android Auto™ технологияларын қолдайды, олардың көмегімен Сіз смартфонныңызды қосып, музыка ойнату тізімін, сондай-ақ телефоныңыздың функцияларын және оған орнатылған қолданбаларды үлкен дисплейде пайдалана аласыз. Алғаш рет мұндай өлшемдегі автокөлік смартфоннан деректерді сымсыз байланыс арқылы көрсетуді қолдайтын Floating Touch технологиясы бар 8 дюймдік дисплеймен жабдықталған. Осылайша, осы пайдалы функцияны пайдалану үшін Сізге телефонды қосуға арналған сымды пайдаланудың қажеті жоқ.

Apple CarPlay™ — Apple Inc. компаниясының тіркелген сауда белгісі. Android Auto™ — Google Inc. компаниясының тіркелген сауда белгісі. \* Стационарлық жылдамдықты бақылау камералары туралы ескерту функциясы барлық елдерде қолжетімді емес.









# Екі әлемнің ең жақсысы.

Жайлылық пен бос кеңістіктің ықшам көлемдермен және отбасыға бағдарланған салонмен үйлесуі BAYON иелеріне екі әлемнің артықшылықтарынан ләззат алуға мүмкіндік береді. Автокөлікті басқару өте оңай: еркіндік сезімін беретін және керемет айналдыра шолуды қамтамасыз ететін жоғары қондырмасы Сізге міндетті түрде ұнайды. Сіз өзіңізге деген сенімділік пен жағдайға бақылау орнатқаныңызды сезінесіз. Сонымен қатар, ықшам кроссоверде жолаушылар мен олардың жүктері үшін жеткілікті орын бар, бұған қызықты оқиғаларды жақсы көретіндер ерекше қуанатын болады. Өз сегментінің басқа өкілдерінің арасында BAYON стильді дизайнымен де, бос кеңістігімен де ерекшеленеді. Оның ерекшеліктерінің арасында — жайлы сапарлар үшін аяққа арналған қосымша орын, көлемі 411 литр жүк бөлімшесі және жүкке арналған «ақылды» пердеше.















## Ойластырылған жоғары технологиялық салон.

Заманауи технологияларға бай, ойластырылған BAYON салоны цифрлық дәуір үшін жасалған. Диагональ көлемі 10,25 дюйм болатын екі дисплейдің сыртқы келбеті салонның алдыңғы жағында көк түстің әсем акценттерін жасайтын жарықдиодты декоративті жарықтандыру көмегімен қосымша ерекшеленеді. Сәнді есіктері алдыңғы панельді әдемілеп көмкереді, ал олардың бедерлі пішіндері автокөліктің аспаптар панелімен мінсіз үйлеседі. Тегістелген көлденең сызықтар айқын алдыңғы панельге бірегей және ерекше стиль береді, оның керемет және ауқымды дизайнын баса көрсетеді. Сондай-ақ жайлылық пен стиль тамаша үйлескен жоғары қондырма Сіздің көңіліңізден шығатыны сөзсіз, ал жоғары сапалы матамен тысталған орындықтарға отыру және көліктен шығу оңай әрі ыңғайлы.





# Жайлылыққа арналған технологиялар.



## Сымсыз зарядтау.

Қуаты 10 Вт смартфондарды жоғары жылдамдықты сымсыз зарядтауға арналған бөлік орталық консольде ыңғайлы орналасқан. Енді Сіз құрылғыны қосу үшін сымды қолданумен байланысты қажетсіз қолайсыздықтарсыз Qi технологиясын қолдайтын смартфонды оңай және тез зарядтай аласыз.



## Жоғары сапалы Bose аудио жүйесі.

High-End класты Bose аудио жүйесінің керемет дыбысталуына өз бағасын беріңіз. Жүйеге сабвуферді қоса алғанда, жоғары деңгейлі сегіз динамик кіреді. Олар әуен тыңдаудан ұмытылмастай әсер қалдырады және әр сапарды әлдеқайда жағымды етеді.





**Авариялық-құтқару қызметтерін шақыру батырмасы.**  
Бұл функция апат болған кезде және қауіпсіздік жастықшалары іске қосылған кезде авариялық-құтқару қызметтеріне автоматты түрде қоңырау шалуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жыл бойы тәуліктің кез келген уақытында шұғыл көмек алу үшін SOS батырмасын пайдалана аласыз.



**Тұраққа қою датчиктері.**  
Енді Сіз көп күш жұмсамай, тығыз тұрақтарда орын таба аласыз. Датчиктер тобы мен арнайы бағдарламалық жасақтаманың көмегімен іске асырылған жартылай автоматты тұраққа қою режимін пайдаланыңыз.









# Көлік жүргізудің тиімділігі мен ләззаты.

ВАЗОН моделін жасаушылардың алдында көлік жүргізуден алатын рақаттық сезіміне нұқсан келтірместен шығарындылар көлемін азайту міндеті тұрды. ВАЗОН — бұл технология қолданылған Hyundai-нің алғашқы кроссовері, әдетте ол біздің қымбат сегменттердегі автомобильдерде қолданылатын.



# Өз класындағы қауіпсіздік жүйелерінің үздік топтамасы.





Жаңа BAYON қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қолайлы құралдарының көмегімен басқа Hyundai кроссоверлеріне тән қауіпсіздік пен сенімділікті мұра етті. Hyundai SmartSense жүргізушіге көмек көрсетудің озық жүйелері жиынтығының арқасында ол жүргізушіге жоғары қорғаныс деңгейін және толық тыныштықты қамтамасыз ете алады.











**Соқыр аймақтарды мониторингілеу (BSW)**

Бұл жүйе артқы бампердің төменгі жағында орналасқан екі радарлық датчикті қолдана отырып, «соқыр аймақтарда» басқа көлік құралдарының болуы туралы ескертеді

**Қозғалыс жолағында ұстау көмекшісі (LKA)**

Бұл жүйе алдыңғы камераның көмегімен жол белгілерін қадағалайды. Автокөлік жолақтан байқаусызда шыққан жағдайда, ол жүргізушіге ескертеді және автокөлікті жолаққа қайтару үшін рульді кері бұра алады.


**Алдыңғы кедергі алдындағы автоматты тежеу жүйесі (FCA)**

FCA жүйесі радар мен камераны қолдана отырып, көліктің алдындағы жолды бақылайды. Ол Сізге ескертеді және Сіздің алдыңызда келе жатқан көлік кенеттен тежей бастаған жағдайда, сондай-ақ жолыңызда жаяу жүргіншілер немесе велосипедшілер анықталған жағдайда тежегіштерді автоматты түрде іске қосады. Жаңартылған жүйе қиылыста бұрылған кезде соқтығысудың алдын алу функциясымен толықтырылған. Жаңа функция қиылыстарда солға бұрылу кезінде алдыдан соқтығысуды болдырмауға мүмкіндік береді (сол жақты қозғалыс енгізілген елдерде).

**Қозғалыс жолағының ортасында ұстау көмекшісі (LFA)**


Іске қосылған жағдайда, бұл жүйе автомагистральдар мен қала көшелерінде сағатына 0-ден 180 км-ге дейін қозғалу кезінде автомобильді жолақтың ортасында ұстайды.






**Көлік кептелісінде қозғалу көмекшісі (LVDA)**

Қалада көлік жүргізген кезде пайдалы болатын бұл интеллектуалды функция жүргізушіге алдыңғы автомобиль бағдарламда немесе кептелісте тоқтағаннан кейін қозғалысты қайта бастағанын ескертеді.



**Фаралардың алыс жарықты басқару көмекшісі (HBA)**

Тамаша көру мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, жүктемені азайтады. Бұл көмекші тек қарсы келе жатқан көлікті ғана емес, сонымен қатар алдыңғы жағынан дәл сол жолақта қозғалып келе жатқан автомобильдерді де анықтайды және қажет болған жағдайда жақын жарық қосады.




**Жүргізушінің жағдайын қадағалау жүйесі (DAW)**

Егер шаршау белгілері байқалса және жүргізуші басқа нәрсеге көңіл бөліп кетсе, жүйе ескерту жасау арқылы мен үзіліс жасауды ұсынатын қалқымалы хабарлама арқылы оның назарын аударады.




# Шанақтың түсі.

Өз даралығыңызды білдіріңіз. Шанақтың жарасымды түсін ұсынылған тоғыз түстің бірінен, соның ішінде жаңа жасыл Mangrove Green түсін таңдау арқылы Сіз өзіңіздің BAYON-ыңыздың тартымды силуэтін толықтыра аласыз. Сонымен қатар, опция ретінде екі түсті шатыры бар және артқы көрініс айналарының корпустары Phantom Black қара түсімен тысталған нұсқаны таңдау мүмкіндігі бар. Оның көмегімен Сіз түс үйлесімдеріне қосымша даралық бересіз және өзіңіздің жеке қалауыңызға сәйкес келетін автомобиль жасай аласыз.



Phantom Black Pearl




Aurora Gray Pearl




Polar White

Қара Phantom Black түсімен (седеп) үйлескен қосымша екі түсті шатыр



Sleek Silver Metallic

Қара Phantom Black түсімен (седеп) үйлескен қосымша екі түсті шатыр



Elemental Brass Metallic

Қара Phantom Black түсімен (седеп) үйлескен қосымша екі түсті шатыр



Dragon Red Pearl

Қара Phantom Black түсімен (седеп) үйлескен  
қосымша екі түсті шатыр



Intense Blue Pearl

Қара Phantom Black түсімен (седеп) үйлескен  
қосымша екі түсті шатыр



Aqua Turquoise Metallic

Қара Phantom Black түсімен (седеп) үйлескен  
қосымша екі түсті шатыр



Mangrove Green Pearl

Қара Phantom Black түсімен (седеп) үйлескен  
қосымша екі түсті шатыр





# Ішкі әрлеу түстері.

Тыныш түстер мен әсем акценттерге негізделген әрлеу тұжырымдамасының арқасында BAYON салонында босаңсытатын және көлік жүргізуге толық зейін қоюға көмектесетін тыныштық атмосферасы орнайды.

Бейтарап түстер мен материалдардың мұқият таңдалған ассортименті шанақ түстерінің палитрасымен тамаша үйлеседі. Базалық жиынтықталым толығымен қара түспен тысталады, ал опциялар ретінде қара түстерді басқа түстермен үйлестірудің екі нұсқасы ұсынылады.




Black Mono қара түсімен тысталуы




Қара Black Mono мен сұр түстердің үйлесімі




Қара Black Mono мен жасыл Mangrove Green түстерінің үйлесімі



Сұр түсті орындықтар



Орындықтар: сұр және қара түстердің үйлесімі



Орындықтар: жасыл Mangrove Green және қара түстердің үйлесімі



## Дөңгелек дискілері.

Жаңа BAYON үшін стильді дөңгелек дискілерінің кең спектрі ұсынылған: 16 және 17 дюймдік екі түсті жеңіл балқығыш дискілер автомобильдің әсем силуэтін керемет толықтырады.



16-дюймдік жеңіл балқығыш дискілер



17-дюймдік жеңіл балқығыш дискілер

# Жабдықталу нұсқалары мен техникалық сипаттамалары.

Сипаттамалары	1.4 MPi KAPPA
Жұмыс көлемі (см³)	1368
Цилиндрлер саны	4
Цилиндр диаметрі және піспек жүрісі (мм)	84x72
Сығылу дәрежесі	10,5
Максималды қуаты (айн/мин кезінде кВт)	73,6/6,000
Максималды қуаты (айн/мин кезінде а.к.)	100/6,000
Максималды айналу сәті (кг м / айн/мин)	134/3,500
Беріліс қорабының түрі	АБАҚ
Беріліс саны	6
<b>Динамикалық сипаттамалары</b>	
Макс. жылдамдығы (км/сағ)	176
Үдеу 100 км/сағ (с) дейін	13,7
<b>Шығарындылар көлемі және отын шығыны</b>	
1.4 MPi KAPPA аралас цикліндегі отын шығыны	9,4/6,6
1.4 MPi KAPPA аралас цикліндегі CO <sub>2</sub> шығарылуы	150
<b>Дөңгелек дискілер</b>	
<b>Шиналар</b>	
16-дюймдік дөңгелек дискілері	195 / 55 R16
17-дюймдік дөңгелек дискілері	205 / 55 R17



Габаритті ені 1,775  
Жолтабан ені 1,551



Габаритті ұзындығы 4,180  
Дөңгелек базасы 2,580

Габаритті биіктігі

1,500



Жолтабан ені 1,557

Өлш.бір.: мм





# Бір отбасы — көп артықшылықтар.



## Hyundai Finance

СІЗДЕРГЕ HYUNDAI FINANCE БАҒДАРЛАМАСЫН  
ҰСЫНУҒА ҚУАНЫШТЫМЫЗ

Әріптес банктермен бірлесіп Hyundai клиенттері үшін арнайы әзірленген. Кез келген Hyundai автосалонына келіңіздер, кез келген банктің менеджерінен кеңес алыңыздар және шарттары сіздерді таңғалдырады! Егер жүрілген автомобиль сатып алғыларыңыз келсе, онда біздің Серіктес Банктер сіздерге Hyundai клиенттері үшін арнайы әзірленген түрлі бағдарламалар бойынша кредит рәсімдеуге көмектеседі.



## Сервис

ОСЫ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ ДӘЛ ҚАЗІР СІЗГЕ ДЕГЕН  
ҚАМҚОРЛЫҚПЕН!

Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы өз клиенттеріне жақын болуға ұмтылады. Сондықтан біз әрқашан сіздердің қауіпсіздіктеріңіз туралы ойлаймыз. Біздің сіздерге деген қамқорлығымыз - жолда көлікпен қауіпсіз қозғалудың кепілі. Сіздердің назарларыңызға қалаларыңыздағы барлық Hyundai ресми Дилерлік орталықтарында Before Service бағдарламасын ұсынамыз. Before Service бағдарламасы автомобильді кешенді профилактикалық байқауды кедергісіз және қауіпсіз, ең бастысы тегін жүргізуге мүмкіндік береді.



## Кепілдік

ЖАҢА HYUNDAI АВТОМОБИЛІНЕ ӨНДІРУШІНІҢ  
КЕПІЛДІГІ

Өндірушінің кепілдігі 5 жыл және 100 000 км (қайсысы ертерек болатынына байланысты), Hyundai ресми Дилері автомобильді бірінші сатып алушыға сатқан (берген) сәттен бастап Сервистік кітапшада көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бұл туралы Сервистік кітапшада кепілдіктің басталу күні туралы тиісті белгі куәландырады.

Дайындаушының кепілдігі Сервистік кітапшада келтірілген Hyundai автомобильіне кепілдік шарттарына сәйкес келетін ақаулық туындаған жағдайда, осы ақаулықтың сипаты Қазақстан Республикасы заңнамасының және Автомобильді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына байланысты автомобильді жөндеу орнына өз жүрісімен жеткізуге мүмкіндік бермеген жағдайда ғана автомобильді ең жақын HYUNDAI ресми Дилеріне жеткізуге (эвакуациялауға) қолданылады.



## Жеңілдікпен кредиттеу

ОТАНДЫҚ АВТОӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУДЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Сіздер Отандық автоөндірісті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын пайдалана аласыздар және ең төменгі бастапқы жарнасы автомобиль құнының небәрі 10%-ын құрайтын 7 жылға жылдық 4% мөлшерлемемен жаңа Hyundai сатып алуға кредитті рәсімдей аласыздар!



## Trade in

«TRADE-IN» ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Барлық Hyundai дилерлік орталықтарында «Trade-in» тиімді бағдарламасы бастау алды. Барлығы өте оңай: кез келген маркалы автомобильді жаңа Hyundai автомобильіне айырбастаңыздар. Толығырақ Қазақстан бойынша барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында.



## Call center

БАРЛЫҚ HYUNDAI ИЕЛЕРІ ҮШІН

7007 нөмірі бойынша клиенттерді қолдау қызметі 24/7 қолжетімді.




Дилер туралы ақпарат

**HYUNDAI AUTO KAZAKHSTAN**  
Брендтің Қазақстандағы ресми дистрибьюторы

[www.hyundai.com](http://www.hyundai.com)

Қазақстан бойынша бірыңғай тегін call-center  
Ұялы телефондардан қоңырау шалу: 7007

Мобильді қолданба жүктеу үшін  
қолжетімді:



Бұл кітапша басып шығару кезінде дұрыс болды. Алайда, Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы өнімді үздіксіз жетілдіру және жақсарту саясатын ұстанатындықтан, ол осы жарияланымда сипатталған модельдердің ерекшеліктерін, түстерін және жиынтықталым элементтерін кез келген уақытта қосымша ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Модельдердің түстері мен жиынтықталымдарының үйлесімі олар нақты болған жағдайда қолжетімді. Өзекті ақпарат алу үшін Hyundai ресми дилерлік орталықтарына хабарласыңыз.